

**"Байланыс қызметтерін пайдаланушылар үшін қосылуы тегін болып табылатын шұғыл медициналық, құқық қорғау, өрт, авария, анықтама және басқа да қызметтердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 қыркүйектегі № 929 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 23 желтоқсандағы № 844 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Байланыс қызметтерін пайдаланушылар үшін қосылуы тегін болып табылатын шұғыл медициналық, құқық қорғау, өрт, авария, анықтама және басқа да қызметтердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 қыркүйектегі № 929 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 33, 445-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген байланыс қызметтерін пайдаланушылар үшін қосылуы тегін болып табылатын шұғыл медициналық, құқық қорғау, өрт, авария, анықтама және басқа да қызметтердің тізбесінде:

реттік нөмірі 6-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

6.	Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы	1414
----	-------------------------------------------------------------------------------	------

";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 7, 8-жолдармен толықтырылсын:

"

7.	Террористік қауіпке байланысты фактілер мен оқиғалар жөніндегі ұлттық қауіпсіздік органдарының "110 жедел желісі"	110
8.	Мемлекеттік органдардың өзекті мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы	1434

";

ескертпе мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Ұялы байланыс абоненттері үшін аталған тізбеде көрсетілген нөмірлерге қосылу сондай-ақ қысқа мәтіндік хабарламалар арқылы екі бағытта да тегін негізде жүзеге асырылады."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК